...РЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ...ТУЫ

...ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
...ОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

...сентябрь Сенбі || Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тиын

***Өндірісті ұлғайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, өзіндік бағаны кемітуге ұмтылып отырған өнеркәсіп пен колхоз өндірісінің жаңашылдарына, транспорттың, халық шаруашылығының басқа да салаларының озаттарына барынша көмектесіп отыру қажет.***

(Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан).

## ...яси-
## ...рейік

...рып отырады.
...йіс, кітапха-
...ртия ұйымы
...лық жұмысты
...ға нақтылы
...ркемөнершілер
...рме мүшелері
...кізіп тұрады.
...ның өндіріс-
...астырыла жүр
...шаруашылы-
...нда алдыңғы

...лық партия
...ағыдай жүр-
...деттермен бай
...жайы жақсы
...й болмай отыр

...н атындағы
...жұмысының
...здағы партия
...ров жолдас
...т жұмысын
...келеді. Под-
...Лабров жол-
...ғын пайдала-
...шша колхоз-
...е өткізбеген.
...қты көрнекі

# Еліміздің еңбекшілері партиямыздың XIX съезіне лайықты тартулар әзірлеуде

* * *

## Еділ—Дон каналын пайдаланушылардың табыстары

ДОНДАҒЫ КАЛАЧ, 3 сентябрь. (СОТА). В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналын пайдаланушылар партияның XIX съезіне арналған материалдарды зор ықласпен талқылауда. Шлюздер коллективтері көтеріңкі социалистік міндеттемелер қабылдауда.

В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналының жұмыс істеген алғашқы айы ішінде каналдан 900-ден астам кеме өтті, әлде неше ондаған мың жолаушылар тасылды. Еділ—Дон каналымен Солтүстікке қарай Кубань мен Дон бидайы, Донец көмірі, ауылшаруашылық машиналары, үсті-үстіне ағылып өтуде. Оңтүстікке қарай Урал ағашы, құрылыс материалдары, механизмдер, тағы басқа жүктер тасылуда.

Москва атындағы канал коллективімен түскен жарысқа кәзір Еділ—Донның 13 шлюзінің барлық вахталары қатысуда. Каналды пайдаланудың алғашқы айының аяқ жағына қарай еділ-дондықтар кеме-

* * *

## БК(б)П XIX съезі құрметіндегі социалистік жарыс туралы

### Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советі Президиумының Қаулысы

Совет халқы БК(б)П Орталық Комитетінің 1952 жылғы 5 октябрьде партияның кезекті XIX съезін шақыру туралы хабарын зор қуанышпен қарсы алды.

Социализмнің барлық жеңістерінің дем берушісі және ұйымдастырушысы Ленин-нің —Сталиннің ұлы партиясының съезін шақыру біздің еліміздің еңбекшілерінің өміріндегі аса маңызды тарихи оқиға болып табылады.

Жұмысшы табы, колхозшы шаруа және еңбекші интеллигенция коммунистік партияның XIX съезін лайықты қарсы алуға ұмтыла отырып, 1952 жылдың халық шаруашылығын мерзімінен бұрын орындау, Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін онан әрі өркендету жөніндегі социалистік жарысты жаңа күшпен кеңінен өрістете түсуде.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы барлық кәсіподақ

лердің коммунистік қоғам орнату жөніндегі мызғымас батылдығы—жаңа бес жылдықты орындауға және асыра орындауға бағытталуға тиіс.

ССРО-ны өркендетудің 1951 —1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспарының орындалуы халық шаруашылығының барлық салаларының жаңадан қуатты өркендетілуін, еңбекшілердің материалдық жағдайы мен мәдениет дәрежесінің едәуір өсуін қамтамасыз етеді. Кәсіподақ ұйымдары жұмысшылар мен қызметшілердің еңбек жағдайларын және оларды мәдени- тұрмыстық жағынан қамту ісін онан әрі жақсарту үшін үздіксіз қамқорлық жасауға міндетті.

Кәсіподақтардың Бүкілодақтық Орталық Советінің Президиумы барлық жұмысшыларды, жұмысшы әйелдерді, инженер-техник қызметкерлерін, қызметшілерді, ғылым мен искусство қайраткерлерін, пар-

* * *

## Жоспардан тыс мұнай

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Ембінің мұнай кәсіпшіліктерінде еңбек өрлеуі артуда. Қазақстан мұнайшылары партияның XIX съезі құрметіне стахановтық вахтаға тұрды. Вахтаның әрбір күнінде жаңа еңбек табыстарына жетуде. Бүгін Құлсары кәсіпшілігінің коллективі мұнай өндірудің сегіз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Бұл кәсіпшілікте партияның алдағы болатын съезі құрметіндегі социалистік жарысында мастер Хисметовтың комсомол-жастар участогі алда келеді. Скважиналардың көпшілігі үздік техникалық тәртіпке көшірілді. Осының арқасында участок тәуліктік мұнай өндіруді бірнеше тонна арттырды. Осы кәсіпшілікте кәзірдің өзінде- ақ сентябрь айының есебіне ондаған тонна мұнай берген Мұқтағалиев участогінің коллективі стахановша еңбек етуде.

Мақат және Комсомольск мұнай кәсіпшіліктерінің коллективтері де мұнай өндірудің сегіз айлық жоспарын мерзімінен бұрын орындағандықтары туралы рапорттар берді. Шаруашылық есепті енгізу, мұ

көптеген колхоздары мен совхоздарының партия ұйымдары бірқатар жұмыс істеді. Олар үгіт- бұқаралық жұмысты шаруашылық міндеттермен ұштастыра жүргізуді едәуір жақсартты. Осының нәтижесінде ауылшаруашылық жұмыстарында жаңа табыстарға ие болды. Мысалға Совет ауданындағы Ленин атындағы колхозды алайық. Бұл колхозда 20-дан астам адамнан ұйымдастырылған үгіт коллективі бар. Оның құрамында коммунистер, комсомолецтер, өндіріс озаттары істейді. Үгіт-бұқаралық жұмыс жоспарлы түрде жүргізіледі. Үгітшілер егіншілер арасындағы сияқты, мал өсірушілер арасында да үгіт- бұқаралық жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отырады. Олар өздерінің әңгімелерін көсеміміз Сталин жолдасқа берілген серттi орындап шығудың саяси және шаруашылық зор маңызы бар екендігіне байланыстыра жүргізіп, мал өсірушілерді

...социалистік жарысты мейлінше өрістете отырып, қоғамдық мал шаруашылығын қығайта беру күресін ұйымдастыра білулері керек. Ол үшін барлық колхоз бен совхоздың мал азығының берік қорын жасауын, мал азығын дайындау жоспарын таяу күндері толық орындап шығуын қамтамасыз ету қажет.

Мал қораларын жөндеу, жаңадан салу жұмыстарының қарқынын еселеп арттыру керек. Барлық түлікті де жылы, жарық, кең қоралармен қамтамасыз ету үшін бар мүмкіншілікті сарқа пайдалану керек. Сөйтіп, кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа берілген серттi іс жүзінде орындап шығу үшін мал өсірушілер арасында үгіт-бұқаралық және ұйымдастыру жұмыстарын кеңінен өрістету қажет.

Көсеміміз Сталин жолдасқа берілген серттi іс жүзінде, ойдағыдай орындап шығу зор абырой.

басқармасына және Солтүстік-Қырым каналына жөнелтілді.

Съезд алдындағы стахановтық вахтаға тұрған Николай Бережнев, Петр Стребеж, Иван Овсянников және басқалары басқарған бригадалардың монтажшылары қажырлылықпен еңбек етуде. Өздігінен жүретін экскаваторларды монтаждаушы Иван Белоножкиннің бригадасы күн сайын тапсырманы 330 проценттен орындауда.

...сапалы өнім шығаратын және еңбек өнімділігі жоғары кәсіпорын деген атақ алып келеді.

Жалпы заводтық жиналыста сөз сөйлеген стахановшы Мұстафа Шахабов былай деді:

—Барлық уақыттағы сияқты, біздің кәсіпорнымыз бүгін де барлық өнімді бірінші сортпен шығарды. Сегіз айлық жоспары қазірдің өзінде-ақ 105 процент орын...

...ді.

Завод коллективі ... тұрды.

Съезд құрметіне ... ұйымдастыруға ар... электр станциялар ... ка заводында. № 1 ... темекі, трикотаж ф... стан астанасының ... дарында да болды.

## Қазақ ССР Министрлер Советінің Л. М. Каганович атындағы ауруханасының жанындағы көркемөнерпаздар коллективінің көркемдік жағын басқарушы Л. М. Мазинаға Қазақ ССР еңбек сіңірген артисі атағын беру туралы

### Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Көркемөнер саласында творчестволық табыстарға жеткені үшін Қазақ ССР Министрлер Советінің Л. М. Каганович атындағы ауруханасының көркемөнерпаздар коллективінің көркемдік жағын басқарушы Ангелина Ивановна **Мазинаға** Қазақ ССР еңбек сіңірген артисі деген құрметті атақ берілсін.

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі**
**Д. КЕРІМБАЕВ.**

**Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары.**
**Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы 23 август 1952 жыл.

## Өскемен СЭС-іне арнап пайдаланушылар әзірлеу

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Өскемен СЭС-ің жұмысқа қосатын күн жақындап келеді. Жаңа су электр станциясында істеу үшін пайдаланушылар кадрлары әзірленуде. Көптеген жұмысшылар құрылыс аяқталғаннан кейін осы жерде қалғысы келетіндіктерін білдірді.

Болашақ пайдаланушылардың бірнеше оқу топтары ұйымдастырылды. «Алтайэнерго» кәсіпорындарында 20-ға жуық құрылысшы практикадан өтуде. Болашақ энергетиктердің үлкен тобы Днепровскіге жіберілді. Олар үш ай бойына агрегаттарды пайдаланудың әдістерімен танысады.



В. И. Ленин атындағы Еділ—Дон кеме қатынасы каналы.
СУРЕТТЕ: 15-шлюздің Дон жағынан қарағандағы көрінісі.
Суретті түсірген **Л. Портер.**

**(СОТА-ның**

## ...ТҰРМЫСЫ

# ...және үгітшілер

...озаттардың жұмыс
...айды. Сөйтіп, меха
...мен трактор қуа-
...а шақырады.
...мбайншылар «аласа
...майды, ысырап көп
...ы. Үгітші Г. Шев-
...рдің дұрыс еместі-
...тың аласа егінді
...пқа жол бермеудің
...нан кейін ол өз
...ылармен арнаулы
...ыққан егінді түнде
...тының және түнде
...екенін дәлелдеді.
...байншылар арасы-
...ы. Қазір комбайн-
...ні бірдей орып.

...гітшілер совхозда
...і Науменко жолдас
...ген соңғы бір әңгі
...з жыйнау мәселе-
...ні өткізер алдында
...кеңесіп, комбайн
...насының жайын
...8 гектар егіннің
...е фактіні білді.
...әңгімесінің арқа-
...ды әрбір дәнді жер
...шақырды, бұл
...листоктің кезекті
Мұның өзі тиісті
...комбайншылардың
...дегі фактілері кез-

...а жұмыс істеуші-
...үй шаруашылы-
...ия ұйымы бұлар-
...ралық жұмысты,
...әйелдердің өздері
...еп, солар арқылы
...үй шаруасында

ғы үгітші-әйел Ольга Фроленко жолдас құрамында 11 адамы бар астық тазартушылар бригадасындағы әйелдер арасында үгітші болып істейді. Ол өзінің әңгімелерін әсерлі етіп ұйымдастырудың, озаттардың тәжрибелерін кеңінен насихаттаудың, сөйтіп, артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қосудың нәтижесінде бриганың күндік тапсырманы 110—120 процент етіп орындауына жетісіп келеді. Ольга Фроленко жолдас астық қырманында жұмыс істейтін үй шаруасындағы әйелдердің жұмысқа ерте келуін мұқыят ұйымдастырады. № 1 бөлімшедегі астық тазалаушы әйелдер бригадасында үгітші болып істейтін Корнеева жолдас туралы да осыны айтуға болады.

Қазіргі кезде астық үшін күрес ең басты мәселе екені мәлім. Міне, сондықтан да мал фермаларындағы үгітшілер мал өсірушілерді егін жыйнаушыларға көмек көрсету үшін ұйымдастыруда. Үгітші комсомолец Еременко жолдас № 4 фермадағы сауыншылар мен басқа да малшыларды астық тазалау үшін түнгі жұмысқа ұйымдастырып жүр.

Большевиктік партияның XIX съезінің шақырылуы жөніндегі хабар совхоз жұртшылығының саяси және өндірістік өрлеуін барған сайын арттыруда. Совхоз жұмысшылары мен қызметкерлері съезд документтерін оқып, Отанымыздың жарқын болашағына зор қуаныш білдіруде. Партиямыздың күнбе-күнгі қамқорлығы үшін совхоз коллективі егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын таяудағы екі-үш күнде аяқтайды, мал қыстату маусымына үлгілі әзірленеді.

**Н. ГРАЧЕВ,**

**Ұзынкөл совхозы партия бюросының секретары.**

## МОСКВАНЫҢ СЫРТТАН ОҚЫЙТЫН ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА

Москваның сырттан оқыйтын жоғарғы оқу орындарында жаңа оқу жылы басталды. Мекемелер мен кәсіпорындарында, лабораторияларда жұмыс істеп жүріп оқыйтын 100 мыңнан аса студенттер сабаққа кірісті. Бүкілодақтық энергетикалық институтта 10 мыңнан астам адам оқыйды. Институт —инженер-теплотехниктер, гидроэнергетиктер және электриктерді әзірлейді. Быйылғы оқу жылынан бастап институттың жанынан автоматиктер мен телемеханиктер әзірлейтін арнаулы курс ашылды.

Москваның М. В. Ломоносов атындағы мемлекеттік университетінде 4 мың адам оқыйды. Бұлардың ішінде көптеген оқытушылар, ғылми қызметкерлер, өндірісшілер бар.

(СОТА).

## Краснояр егіншілерінің көтеріңкі міндеттемелері

КРАСНОЯРСК, 3 сентябрь. (СОТА). Колхоздардың дала қостарында және МТС-тердің комбайн агрегаттарында өлкенің колхозшылары мен механизаторлары партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жобаларын үйренуде.

Егіншілердің ойы мен игі ниеттерін Казачин ауданындағы Сталин атындағы колхоздың председателі О. И. Осипов жақсы білдірді. Ол колхоз жыйналысында былай деді:

— Біз Сталиндік жоспарларды орындауға белсене қатысушылар болғанымызға қуанамыз. Бесінші бесжылдық жоспар—коммунизм жолындағы жаңа қадам. Алыстағы аудандарға темір жол қатынасы салынатындығы өте қуанышты. Красноярскіден Енисейскіге дейін жол салынатын болады. Ол ауданның өндіргіш күштерін онан әрі арттырады, кең байлық-

## *Мал шаруашылығы*



Явленка ет совхозының гурт бастығы Өтебергенов жолдас 1951 жылы 100 сыйырдан 93 бұзау алуға міндеттенгенболса, ол 114 бұзау алып, шығынсыз өсірді. Бұзаулардың орта тәуліктік салмағы 830 грамм артты.

Үстіміздегі жылы ол 100 сыйырдан 98 бұзау алып, бұзаулардың орта тәуліктік салмағын 98,3 грамға дейін жеткізіп отыр.

**СУРЕТТЕ: Тақауи Өтебергенов** жолдас. Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Малы өскен колхоз

«Красное знамя» колхозының (Полудень ауданы) мүшелері кемеңгер көсеміміз Сталин жолдасқа жазған хатта қабылдаған міндеттемелерді аброймен орындау жолында жанаямай еңбек етуде. Қажырлы еңбек өз нәтижесін беріп те отыр. Өткен 7 ай ішінде мал өсіру жөніндегі жоспар 5 түлік бойынша толық орындалса, ол ең алдымен осының нәтижесі. Әрбір фермада малшылар мал басын өсіру жолында бір-бірімен өзара социалистік жарысқа түсіп, еңбек өнімділігін еселеп арттыруға, мал бағып күтуді негізінен жақсартуға жетісті.

...де -бірін шығынға ұшыратқан жоқ. Шошқа өсіруде де озаттар аз емес. Солардың бірі —З. Так жолдас. Ол өткен 7 ай ішінде қарамағындағы мегежіннен 54 торай алды.

Колхоз мал басын өсіру жөніндегі жоспарды толық орындап шықты. Оның ішінде құс өсіру жөніндегі жоспар 118, ірі қара мал өсіру жөніндегі жоспар 102, қой өсіру жөніндегі жоспар 106, шошқа өсіру жөніндегі жоспар 100 процент орындалды.

Мал басын өсіріп, оның өнімділігін арттыру—жемшөп пен, жылы, жарық ко-

### )П XIX СЪЕЗІ ҚАРСАҢЫНДА

# рысы, халық байлығы

...н бір гектардан:...Сибирь және Солтүстік-Шығыс Қазақстан аудандарында 15—16 центнерге дейін.

...ның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директиваларының жобасынан.

## сырабына қарсы күрес нашар

...низм» колхозында
...сы күрес ойдағыдай
Бұл колхозда жұмыс
Лыценберг жолдас
жүктелген жауапкер
гектар жердегі егін
орды. Сол себепті
ақтары комбайн шал-
ы. Ақыры, бұл алаң-
нан 45 килограмм
.
өніндегі мұндай фак-
арына (председателі
әбден мәлім. Бірақ,
көрмеген болып жүре
бына қарсы жеткі-
йді, оны болдырмау-
арын белгілемейді.
ан жұмыстың барлық
ыгуыма мүмкіншілігім
егін участоктерінің
Ахметов жолдас.
участоктерінің көле-
Мұнымен бірге, кол-
егін участоктерін тү-
мүмкіншілігі келе бер-
ы мүмкін. Ал, сонда
нің өзгелері қайда?
Турасын айту керек,
елері шаруашылыққа,
атүсті басшылық жа
тың жауапты участок-
ғана болады. Сондық-
кті жердегі егін жа-
Мұның өзі жоғарыда-
сапасыз жүргізіліп,

баешылары (председателі Ж. Бейсембаев жолдас) егінді тек қана комбайндармен жыйнап алуды көздеп, лобогрейка сыяқты жай машиналарды іске қоспай отыр. Ал, олардың сеніп отырған комбайндарының жұмысы тіпті өнімсіз. Сондықтан да мұнда егін жыйнау өте баяу жүргізіліп келеді.

Айта кету керек, жоғарыда аталған колхоздарда егін жыйнауды дұрыс ұйымдастыру, әсресе, астық ысырабына жол бермеу жөнінде Совет МТС тарапынан да көмек жеткіліксіз. МТС басшылары, сондай-ақ оның агрономдары егін басына оқта-текте ғана келеді. Егіннің жыйналу сапасына олар мүлдем назар аудармайды.

Бастырылған астықты дұрыс есепке алу—оның ысырапқа ұшырауына, талан таражға түсуіне жол бермеудің негізгі шарттарының бірі. Солай бола тұрса да кейбір колхоздарда комбайндардан алынған астық қырмандарда өлшенбей қабылданады. Бұл жөнінде мысалға «Путь к коммунизму» колхозын алуға болады. Мұнда қырман бастығы болып Ерушин жолдас істейді. Ол комбайн бункерінен түскен астықты өлшеп алмайды. Ол көбінесе астықты көз мөлшерімен өлшеп қабылдайды. Ол олма, кейбір күндері ол астықты қабылдауды қырманда жұмыс істейтін адамдарға тапсыра салады.

Колхоз председателі Садилов жолдас та қырманда астықтың өлшеусіз қабылданатынын білмей жүр деуге тіпті де болмайды. Бірақ, не пайда, ол бастырылған астықты мұқыят есепке алуды, сол сыяқ...



Казсовхозтранстың «ГАЗ —51» автомобилінде істейтін шофер А. Карчевский жолдас 125 километрлік Торанғұл ет-сүт совхозынан Петропавл элеваторына күніне екі рет қатынап, 50 центнерден астық тасыйды.

СУРЕТТЕ: Казсовхозтранстың шофері Карчевский жолдас.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Съезд құрметіне

Ленин ауданындағы «Бірлік» колхозының мүшелері астық дайындауда өнімді...

# Аманкелді атындағы колхозда

### КӨМЕКШІ ШАРУАШЫЛЫҚТАН КІРІС

Колхоз огород шаруашылығынан бірнеше мың сом кіріс алуды жоспарлаған болатын. Огородтан мол өнім алу үшін трактор күшімен су құю ұйымдастырылды. Тек сатылған қыярдың өзінен ғана 42 мың, басқа да бау-бақша жемістерінен 7 мың сом кіріс алынды. Әлі де бірнеше мың сомдық қыяр, капуста, помидор, сәбіз сатылмақ.

### МОЛ ӨНІМ

Колхозшылар егіннен тұрақты мол өнім алу жөнінде көп еңбек етті. Бұл өзінің нәтижесін көрсетіп отыр. 40 гектар бидайдан 30 центнерден, 100 гектар бидайдан 25 центнерден, ал, 100 гектардан 100 пұттан өнім алынып отыр. Бітік шыққан егінді ысырапсыз жыйнап алуда колхозшылар аянбай еңбек етуде.

### ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Колхоздың екі егіс бригадасында электр станциясы бар. Колхозшылардың үйлері, мектеп, бригада кеңсесі және мал қоралары да электр жарығымен қамтамасыз етілген. № 1 егіс бригадасында электр қуатымен жұмыс істейтін диірмен бар.

### РАДИО ТОРАБЫ

Колхоздың іріленуіне байланысты, жуырда колхоз орталығына 200 точкалық «Р-У-10» маркелі радио торабы орнатылды. Кәзір бағаналар орнатылып, сымдар тартыла бастады.

### МЕХАНИКАЛАНДЫРЫЛҒАН ЖҰМЫС

Колхозда екі автомашина бар, олар мемлекетке астық тасуда жүр. Колхоздың «ХТЗ» тракторы қырмандағы астық тазалау жұмысына пайдаланылады. 18 аттың күші бар двигатель диірменде жұмыс істесе, бір двигатель қырмандағы 4 сортировканы жүргізеді. Бұл двигательдермен әр сменада 400 центнер астық тазартылады.

**Полудень ауданы.**

## *Жексенбілік өткізілді*

Сталин жолдасқа жазған хатта алған міндеттемелерін орындай отырып, Мамлют асыл тұқымды мал совхозының жұмысшылары мен қызметшілері БК(б)П-ның XIX съезін еңбекте жаңа табыстармен қарсы алу үшін күресуде.

Құрылыстар салу ісін тез аяқтау мақсатымен совхозда жуырда электр станциясы құрылысын салуда жексенбілік өткізілді. Жексенбілікке совхоз жұмысшылары мен қызметшілері қатысты.

Таңертең ертемен электр станциясының үйі жанына жыйналған 115-тен астам жұмысшыларға совхоз директоры Васильев жолдас электр станциясын тез жұмысқа қосуда бұл жексенбіліктің өте зор маңызы бар екендігін түсіндірді.

Бұл жұмысқа қызу кіріскен жұмысшылар мен қызметшілер ілезде траншеяны қазып болды. Д. Шаповалов, Д. Великанов, М. Караченко тағы басқа жолдастар жексенбілікте айтарлықтай көзге түсті.

Еңбекті көп керек ететін жұмысты механикаландыру үшін салынып жатқан электр станция құрылысының тез аяқталуын совхоз жұмысшыларының әрқайсысы асыға күтуде.

**Л. МОРГУН.**

## Оқу кітаптары жетіспейді

Үстіміздегі оқу жылында Баян орта мектебінде 350 оқушы оқыйды. Бұлар 18 класқа бөлінген.

Бірақ, жаңа оқу жылының алғашқы...

...номия, логика, кітаптары да өте аз. Кітаптардың тапшы болуы оқушылардың үлгеруіне нұқсан келтіретіндігі сөзсіз.

Сондықтан, облыстық және аудандық...

